

**"Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы № 489 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының XVIII сессиясының 2024 жылғы 30 мамырдағы № 119 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 маусымда № 1773-02 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін арттыру туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы № 489 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1650 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласы мәслихатының төрағасы*

*М. Отыншиев*